

Білімі:

- негізгі орта білімі бар (9 сынып)
және
- мамандандырылған оқу орындарын (өнер мектебін) бітірген талапкерлер қабылданады;

ТАЛАПКЕРЛЕР ЕКІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРАДЫ

Қойылытын талап: талапкерлер өзінің мәдени дәрежесін, ойлау қабілеті, суырыпсалмалық қасиетінің болуы, сөз саптау талғамы, жігер-қажырын, музыкалық қабілетін, дене қимыл қозғалыс сымбаттылығын көрсете білуі шарт. Тілі мен дауысы таза, түр тұлғасы сахнаға лайықты сымбатты болуы, физиологиялық кемшілігі, тілінде дефектісі жоқ болуы керек.

Қыз балалардың бойы 160 см., ер балалардың бойы 165 см. кем болмауы тиіс.

1. АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК талаптары:

- зейінді және зеректік;
- зерде мен білімділік;
- сенгіштік және сезімталдық;
- табиғи, сеніп шынайы әрекет ету қасиеті;
- тілі таза;
- сымбатты, келбетті;
- музыкалық қабілеті, координациясы бар;
- қиялдау қабілеті жоғары;
- аниматорлық дауыстарды ұстай білетін;
- этюд орындау, дене пластикасының болуы, би билеу қабілеті;

2. САХНА ТІЛІ талаптары:

Талапкер әртүрлі жанрдағы әдеби шығармалардан үзінділерді жатқа оқиды. Автордың айтайын деген ойын, талап-тілегін тыңдаушысына толық жеткізе білуі керек: тілдің таза, дауыстарының ашық, ойларының анық болуы шарт.

Талапкердің орындауында:

- 1) прозадан (үзіндіні жатқа оқу);
- 2) поэзия (жатқа оқу);
- 3) мысал-сықақ әңгімелерден үзінді оқу;

Жас ерекшелігі:

- 9 сыныпты бітірген талапкерлер қабылданады.

Талапкер шығармашылық емтиханнан «2» (қанағаттанарлықсыз) деген баға алса немесе себепсіз келмесе, шығармашылық емтиханнан өтпеді деп саналады.